

3) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне дизель отынының, жағатын мазуттың құнын өтеуге, тасымалдауға және жеткізуге

60533679,02 (алпыс миллион бес жүз отыз үш мың алты жүз жетпіс тоғыз теңге екі тиын) теңге сомасында қаражат;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жеткізуге байланысты көліктік шығыстардың құнын өтеуге 977210 (тоғыз жүз жетпіс жеті мың екі жүз он) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1240 Қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ізгілік көмекті алушыны анықтасын және көмек көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы » 2 0 » а қ п а н д а ғ ы

N

1 7 6

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін шығарылатын материалдық құндылықтар тізбесі

№	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Шығарылатын материалдық құндылықтар саны	Өлшем бірл. бағасы (теңге)	Сомасы
1	Жылы шалбарлар	дана	700	4300	2150000
2	Жылы күртешелер	дана	500	6100	3050000
3	Жүн қолғаптар	жұп	4285	70	2999500
4	Көрпелер	дана	1200	2500	3000000
5	Ет консервілері	нақты б.	288000	192	55296000
	Жиыны:				66495500